

Ә.О. Оңдасынова

ТМД ШЕГІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ (ҚЫСҚАША ШОЛУ)

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Шартқа қол қою кезінде нарықтық негізде ортақ әлеуметтік-экономикалық, көлік және әскери-стратегиялық кеңістікті сақтау және дамыту мақсаты көзделген еді [1].

Егер ТМД-ның басқа мемлекеттері үшін бұл бірлестікке қатысадының экономикалық себептері басым болса, Ресей үшін мұның стратегиялық маңыздылығы да болды. Ресейдің ТМД елдерімен ынтымақтастығының Стратегиялық бағыт-бағдарында бұл елдермен қатынастардың Ресей үшін басымдығы белгіленді. Бұл құжатта ТМД аумағында Ресейдің экономика, қорғаныс, қауіпсіздік, ресейліктердің құқықтарын қорғау бойынша маңызды мүдделері бар және ТМД елдерімен тиімді ынтымақтастық Ресейдің ішіндегі ыдыратушы күштерге қарсы тұратын фактор ретінде қарастыралады делінген.

ТМД-ға қатысты Ресей саясатының басты мақсаты ретінде әлемдік қауымдастықта лайықты орын ала алғатын мемлекеттердің экономикалық және саяси бірлестігін құру белгіленді. Сол сияқты ТМД елдерін біріктіру Ресейге ұлы держава мәртебесін қайтарудың маңызды шарты болып табылды. Осы себептерді ескере отырып, Ресей ТМД елдеріне маңызды көмек көрсетіп отырды, оның ішінде қаржы беру, мұнай, газ және электр энергиясын женілдетілген бағамен жеткізу.

Сонымен қатар ТМД елдерінің үшінші мемлекетпен қатынастарын дамыту обьективті және жағымды процесс деп есептей отырып, Ресей Достастықта орын алған сыртқа бағытталған процестерге де кедергі қойған жоқ. Мұның тағы бір себебі. Ресейдің бұрынғы кеңестік республикаларға субсидия бөлу бойынша жүргізілгенде және бұл өзінің де шектеулі ресурстарын ішкі мәселелерге жұмсауға мүмкіндік берді.

1992 жылдың 15 мамыр күні Ташкентте тоғыз елдің өкілдері Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартқа қол қойды, олар – Әзіrbайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қыргызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан [2].

1993 жылы ТМД қатысушы тоғыз мемлекет – Әзіrbайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қыргызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан Мәскеуде Экономикалық Одакты құру туралы Шартқа қол қойды (бұл Шартқа кейін Туркменстан мен Украина да қосылды) [3]. Бұл Шартта келісімге келтірілген экономикалық саясат жүргізу, саудадағы тарифтік және тарифтік емес шектеулерді біртіндеп төмендету, тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күші мен капиталдардың еркін қозғалуына жағымды жағдай туғызу, өндірістік кооперацияны дамыту, біріккен кәспорындардың, трансұлтты өндірістік бірлестіктердің, коммерциялық және қаржылық-несиелік мекемелер торабының құрылуына көмектесу, инвестициялық саясатты үйлесімге келтіру және т.с.с. мәселелер көтерілді. Нарықтық қағидаларға негізделген бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуы көзделді.

Қол жеткізілген келісімдерді іске асyру мақсатында 1994 жылдың 15 сәуір күні ТМД қатысушы барлық елдер Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қол қойды [4]. Осының негізінде мұндай аймақтың іске қосылуына және кейін толыққанды кеден одағын құруға қатысты жағдайды қалыптастыру бойынша жұмыс басталды. Еркін сауда аймағын құрудың басты мақсаты мемлекеттердің өзара саудасын лицензиялар, квоталар, кедендік баждар сияқты әртүрлі кедергілерден босату еді. Қызықтысы, Мәскеуде жасалған осы Келісімді Ресейдің өзі ратификацияламай қойды және ол ТМД елдерінің импортын екіжақты келісімдер негізінде босату саясатын ұстанды.

Осы жылдың қазан айында ТМД мемлекеттерінің басшылары Кеңесінің Мәскеудегі мәжілісінде «ТМД интеграциялық дамуының негізгі бағыттары» Меморандумы мен ТМД интеграциялық дамуының болашаққа арналған Жоспары қабылданды. Бұл құжаттарда интеграцияның басты бағыты ретінде – дағдарыстан шығудың және экономиканы көтерудің негізгі алғышарттары ретінде ТМД елдерінің тиімді экономикалық ынтымақтастығын

орнықтыру белгіленді. Еркін сауда аймағының құрылуы Кеден одағын қалыптастырудың бірінші сатысы ретінде көзделіп, кейін осының негізінде төлем одағы мен ортақ нарықтың құрылуы белгіленді.

Осы келісімдер негізінде басқа да көптеген құжаттар пайда болды. Мәселен, 1995 жылдың 8-10 ақпан күні Алматыда өткен ТМД мемлекеттері басшыларының Қеңесінде ТМД қатысуши мемлекеттердің кеден занамасы Негіздері қабылданып, ал 1995 жылдың мамыр айында Минскіде өткен саммитте Достастықтың сыртқы шекараларын қоргаудағы ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойылды. Сол сияқты 1995 жылдың қараша айында ТМД елдерінің үкіметтері «ТМД сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасы туралы» Қелісімге қол жеткізді, ал 1996 жылдың сәуір айында бірден екі құжат қабылданды – Заңсыз кіргізілетін және шығарылатын мәдени құндылықтарды ұстau және қайтарып беру мәселелері бойынша кеден органдарының ынтымақтастығы туралы Қелісім және Жалпы преференциялар жүйесі шенберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығу жерін анықтау ережелері туралы Қелісім. 1999 жылдың қазан айында Еркін сауда аймағын құру туралы Қелісімге қатысуши мемлекеттер арасында қоныс аударылатын тауарлардың кедендік рәсімделуі мен кедендік бақылану тәртібі туралы Қелісімге және т.б. қол қойылды.

Дегенмен де, еркін сауда аймағын құру процесі басында көзделген жоспардан әлдекайда құрделі болып шықты. ТМД құрылғаннан кейін өткен алғашқы он жыл ішінде қабылданған 900 құжаттың тәжірибеде нақты қолданыска ие болғаны бар-жоғы 130-ы ғана еді, бұл болса «еркін сауда аймағының тиімді қызмет етуіне кері әсерін беріп, бұрынғы бірыңғай экономикалық және саяси кеңістіктің фрагментарлық дамуына түрткі болды» [5, 421-б.].

Экономикалық дамудың әртүрлі деңгейінде және нарықтық реформалардың түрлі сатысында бола тұра, осы нарықтық реформалардың өзін бірдей жүргізбестен, ТМД елдері көбінесе екіжақты қатынастарға және олардың ішінде де ТМД сыртына қарай бағышталған байланыстарға басымдық беріп отырды.

Іс жүзінде ТМД шенберінде «әртүрлі жылдамдықтағы» және «әртүрлі деңгейдегі» интеграция орын алғып, оның нәтижесінде бірнеше субаймақтық топтар пайда болды.

1995 жылдың 21 ақпан күні Ресей мен Беларусь президенттері Б.Н. Ельцин мен А.Г. Лукашенко Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасында Достық, мейірімді көршілік және ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойды. Осының негізінде 1996 жылдың 2 сәуір күні Мәскеуде Егеменді Республикалардың Қауымдастырын құру туралы Шартқа қол қойылды және ол басқа қатысуышыларға да ашық деп жарияланды. Осы процестің жалғасы ретінде 1997 жылы Ресей мен Беларусь Одағының Шарты мен Жарғысы қабылданып, 1998 жылдың 25 желтоқсан күні бұл елдердің экономикасы, қаржысы және мемлекеттік құрылымдары ортақ Одақтас мемлекетке бірігуі туралы Декларацияға қол қойылды.

Екі елдің экономикалық жақындастыруна негіз болған 1995 жылдың 6 қантар күні Минскіде қабылданған Ресей мен Беларусь арасындағы Кеден одағы туралы Қелісім еді. Бұл Қелісімге екі апта өте Қазақстан [6], ал 1996 жылы Қырғызстан қосылды. Атап Қелісім негізінде Кеден одағын бірден құру мүмкін болмаса да, оның негізінде бажсыз және шектеусіз толыққанды еркін сауда аймағын құру мүмкін болды. Бұл болса, өз кезегінде, осы елдер арасындағы сауданың дамуына ықпал етті.

1996 жылдың 29 наурызында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей президенттері «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны терендету туралы» Шартқа қол қойды [7]. Оның мақсаттарына жету үшін интеграцияның жоғарғы басқару органы – Мемлекетаралық қеңес, оның тұрақты атқарушы органы – Интеграциялық комитет және Парламентаралық комитет құрылды.

1998 жылдың қантар айында Мемлекетаралық қеңестің кезекті мәжілісінде оның төрағасы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Кеден одағының аумағында Бірыңғай экономикалық қеңістіктің құруды және халықтардың ең қажетті салаларындағы

жақындастырылғанда нақты шараларды жүзеге асыру үшін «Қарапайым адамдарға қарай он қарапайым қадам» деп аталатын құжатты қабылдауды ұсынды.

1999 жылы жоспарланып отырған Кеден одағының бесінші қатысушысы болып Тәжікстан қосылды.

1999 жылдың 26 ақпан айында Беларусь, Қазақстан, Қыргызстан, Ресей және Тәжікстан басшыларымен қол қойылған Кеден Одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы Шарт қабылданды [8].

Кеден одағына қатысу ниеті туралы Өзбекстан жария етті. Сол сияқты басқа да ТМД елдері Кеден одағына өз қызығушылығын білдірді.

2000 жылдың 10 қазан күні Астанада кедендік «бестіктің» кезекті кездесуінде Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы Шартқа қол қойылды [9]. Осы Шартпен бірге ел басшылардың біріккен мәлімдемесі қабылданды және онда Кеден одағына қатысушы бес елдің сауда мен экономика саласындағы өзара әріптестігінің басты нәтижелері баяндады, соның ішінде: өзара сауда-саттықтағы тарифтік және сандық шектеулердің жойылуы; тауарлар номенклатурасының көпшілігі бойынша кеден баждарының бірыңғай ставкаларының белгіленуі; үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің келісілген шараларын жүзеге асыру; ортақ сауда режимдерінің қалыптасуы.

2002 жылдың наурызында ЕурАЗЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының Петербургтегі мәжілісінде бес елдің өкілдері Ассамблеяның 2005 жылға дейінгі заң шығару қызметінің бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарлама бойынша 2005 жылға дейін қатысушы елдердің ортақ бірыңғай кедендік және экономикалық кеңістігі құрылып, ЕурАЗЭҚ аймақтық құрылым ретінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ұжымдық мүшесі болып қабылдануы жоспарланған еді.

Сонымен қатар бірнеше ТМД мемлекеті тағы бір интеграциялық жобаны – Бірыңғай экономикалық кеңістікті жүзеге асыруға талпынды. 2003 жылдың ақпан айында қол қойылған Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстан басшыларының біріккен мәлімдемесінде еркін сауда аймағын құру арқылы Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырудың жаңа сатысы туралы жария етілді. Осымен бірге сыртқы сауданы реттеу бойынша мемлекеттерден үстемдігі бар бірыңғай реттеуші органдары – Сауда мен тарифтер бойынша Мемлекетаралық тәуелсіз комиссияның құрылуы жоспарланған еді [10].

2003 жылдың 19 қыркүйек күні Ялтада төрт елдің президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы Келісімге қол қойды [11]. Келісім оның мақсаты мен қағидаларын қабылдауға дайын басқа елдер үшін де ашық деп жарияланды. Бұл құжатта да мемлекеттердің кеден аумақтарының біріктірілуі мен тауарлардың, қызметтердің, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін қозғалуын қамтамасыз ете алатын бірыңғай шаруашылық мезанизмінің құрылуы көзделді. Бірақ 2005 жылдың қантар айындағы Украинадағы «демократиялық революция» мен батысшыл президент Виктор Ющенконың жеңісі «төрттік» нысанындағы Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылу мүмкіндігін жоққа шығарды.

2005 жылдың орта түсінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің нормативтік базасына қатысты барлық 93 келісім де үйлесімге келтірілді, бірақ Украина соның ішінен тек 40 келісімді ғана үйлестіруге келісті. 2005 жылдың аяғында Украинаның премьер-министрі Ю. Ехануров Бірыңғай экономикалық кеңістік шенберінде тек 16 келісімге қол қоюға дайын екенін жария етті. Сонымен бірге ол Бірыңғай экономикалық кеңістік шегінде мемлекеттерден үстемдігі бар органдарының құрылуына және оларға сыртқы экономикалық саясатқа қатысты өкілеттіктер беруге Украинаның теріс көзқарасын білдірді.

Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы қатынастар болса одан әрі нығая түсті. Ресей үшін, әсіресе, Белорусь кәсіпорындарының станоктар, тракторлар, астық жинайтын комбайндар және басқа да тауарлары ерекше қызығушылығын туғызды, өйткені Ресейдегі тракторлар паркінің 80%-ын Минскідегі трактор зауытынан шығарылатын өнім құрайтын. Сол сияқты Ресей мен Беларусьтің отын-энергетикалық кешені 95%, машина құрастыру кешені – 85% интеграцияланған болатын [12, 72-б.].

2002 жылдың белоруссиялық нарықта Ресейдің 60 субъектісі қатысып отырды, өнімнің өзара жеткізілуіне 79 ресейлік аймақтардың кәсіпорны қатысатын. 2004 жылдың Ресей мен Беларусь арасындағы тауар айналымы 17 млрд доллардан асып түсті. 8000-ның үстінде ресейлік және белорусстық кәсіпорынның өзара байланыстары болды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастар 1992 жылғы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шартқа негізделген болатын [13].

Екі елдің саяси, экономикалық, әскери-техникалық, гуманитарлық, мәдени және басқа да салалардағы әріптестігінің одан әрі дамуы 1998 жылдың шілде айында ел басшыларына жаңа тарихи құжатқа – XXI ғасырға бағытталған Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларацияға – қол қоюға мүмкіндік берді. XXI ғасырдың басында Ресей аумағы арқылы қазақстандық мұнай транзитінің көлемі едәуір ұлғайтылды, Қазақстанның ұлттық энергетикалық жүйесі мен Ресейдің Бірыңғай энергетикалық жүйесінің қатар жұмыс жасауды қалыпта келтірілді.

2001 жылдың қазан айында Ресей президенті В.В. Путиннің Астанаға сапары кезінде Гуманитарлық саладағы ынтымақтастық туралы Меморандум қабылданып, орыс тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде рөлі ерекше аталды.

ЕурАЗЭҚ шеңберінде мүше-мемлекеттердің аумактарында өндірілген тауарларға қатысты өзара саудада барлық кедендей баждар жойылды. Екіжақты келісімдер негізінде шектеулері жоқ еркін сауда режимі енгізілді, жанама салықтарды «баратын елі» қағидасы негізінде жинауға көшірілді. ЕурАЗЭҚ азаматтары үшін миграциялық процедураларды тәртіпке келтіру бойынша біріктілген жұмыс белсене жүргізілді.

Интеграциялық процестерді одан әрі дамытуда тағы бір маңызды қадам 2006 жылдың басында 1,5 млрд доллар жарғылық капиталы бар қазақстандық-ресейлік Еуразиялық даму банкінің құрылудың жасалды.

2006 жылдың жазында ЕурАЗЭҚ Сочиде өткен биресми саммитінде бірлестіктің басты мақсаты Кеден одағының қалыптастырылуын аяқтау және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылудына көшу екендігі тағы да айттылды.

Бірақ 2006 жылдың маусым айында Ресей мен Беларусь арасындағы қатынастар қынрай түсті және мұның себебі ресейлік «Газпромның» Беларуське берілетін газ бағасын төрт есе (яғни, 1 мың текше метр үшін 50 доллардан 200 долларға дейін) көтеру ниеті болды. Осының нәтижесінде 2006 жылдың қыркүйек айында Беларусь Президенті А.Г. Лукашенко Ресеймен екіжақты экономикалық қатынастардың іс жүзінде айыратыны жөнінде мәлімдеме жасады. Оның айтуы бойынша газдың бағасын осыншама көтеру қарым-қатынастардың өсуімен бірдей, әсіреле экономикаға қатысты. Егер Минскінің трактор зауыты газды 250 немесе 200 доллардан тұтынатын болса, ал Волгоградтың трактор зауыты оны 30 доллардан тұтынса не ойтуға болады деді Беларусь Президенті. Беларусь көзқарасы бойынша газ бағасы нарықтық жағдайға қарай көтерілуі керек, бірақ оның пропорциялары Ресейдің өзіндегідей болуы тиіс.

Сол сияқты Беларусьтің Ресей Федерациясының субъектілерімен де қарым-қатынастары күрделене түсті, өйткені 8000 кәсіпорынның өзара өндірістік бағдарламалары бойынша 2,5 млн теледидар, 35 мың трактор, 85 мың МАЗ берілген. Энергия қуаты көздерінің 95%-ы және машинакүруға арналған жабдықтардың 85%-ы Беларусьқа Ресейден әкелінетін. Ресей мен Беларусьтің Одактас мемлекеттің хатшысы П.П. Бородин айтпақшы, беларусытік өнімдердің 85%-ы Ресейге жөнелтіледі, сондықтан да газ мен мұнайдың бағасы көтерілетін болса, беларусытік машиналар Ресей үшін 5 есе қымбат болады деген сөз.

Түбінде екі тарап ақылға сүйеніп, транзит жөнінде де, энергия қуаты көздерінің бағасын өзгерту туралы да (болашақта толығымен нарықтық баға болатынын) келісімдерге қол қойып, ымыраға келді. Қол жеткізілген келісімдерді бағалай отырып, Ресей басшысы беларусытік экономиканың Ресей тарапынан тікелей не жасырын қолдауы әлі ұзак уақытқа созылатынын мәлімдеді. 2007 жылдың өзінде мұндай қолдау газ бойынша 3,3 млрд долларды, мұнай мен мұнай өнімдері бойынша 2,5 млрд долларды құрамақ, бірақ бірте-

мұндай қолдау қысқартылып, белорусстық әріптестердің нарықтық қатынастарға жұмсақ өтуіне жағдай жасалмақ. Сөйтіп, нарықтық қатынастарға өту кезеңі төрт жылға созылуы тиіс.

2007 жылдың наурыз айында Ресей Президенті В.В. Путин қазақстандық әріптесі Н.Ә. Назарбаевпен кездесу кезінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің негізін қалыптастыратын ЕурАЗЭҚ қызметіне жоғары баға берді. Егер бұрын ЕурАЗЭҚ ТМД құрамындағы көптеген субаймақтық құрылымдардың бірі ретінде қарастырылса, ал оның экономикалық жетістіктері ТМД-ға байланыстырылса, ендігі жерде ЕурАЗЭҚ ТМД-ның сыртқы шегіне дейін кеңею мүмкіндігі бар дербес бірлестік ретінде қабылданып отыр.

Қазақстан Президенті, өз кезегінде, Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы туралы ұсынысы өз күшінде екендігін еске салды.

2009 жылды Қазақстанның бастамасымен Ресей, Қазақстан және Беларусь арасында Кеден одағы құрылатын болды және оның нақты уақыты да белгіленді. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш мемлекеттің Кеден Одағы өз қызметін бастамақ, ал 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш мемлекеттің Бірыңғай экономикалық кеңістігі құрылмақ.

1. Соглашение о создании Содружества Независимых Государств (Минск, 8 декабря 1991 года) // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С.8-10.
2. Договор о коллективной безопасности (Ташкент, 15 мая 1992 года).
3. Договор о создании Экономического союза (Москва, 24 сентября 1993 года) // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С. 20-27.
4. Соглашение о создании зоны свободной торговли (Москва, 15 апреля 1994 года) // Там же. – С. 27-37.
5. Глобализация экономики и внешнеэкономические связи России / Под ред. И.П. Фаминского. [9] М., 2004.
6. Соглашение о Таможенном Союзе (Москва, 20 января 1995 года) // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С. 37-38.
7. Договор об углублении интеграции в экономической и гуманитарной областях (Москва, 29 марта 1996 года) // Там же. – С. 97-101.
8. Договор о Таможенном союзе и Едином экономическом пространстве (Москва, 26 февраля 1999 года) // Там же. – С. 101-114.
9. Договор об учреждении Евразийского экономического сообщества (Астана, 10 октября 2000 года) // Там же. – С. 118-124.
10. Заявление Президентов Республики Беларусь, Республики Казахстан, Российской Федерации и Украины (Москва, 23 февраля 2003 года) // Там же. – С. 195.
11. Соглашение о формировании Единого экономического пространства (Ялта, 19 сентября 2003 года) // Там же. – С. 196-199.
12. Федосов В.А. Интеграция России и Белоруссии //Мировая экономика и международные отношения. - 2006. - № 6. - С. 72.
13. Договор о дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Республикой Казахстан и Российской Федерацией // Казахстан – международные договоры с государствами-участниками СНГ / Авт.-сост.: Э.Б. Мұхamedжанов, И.В. Межибовская. – Алматы: Баспа, 1997. – С. 17-24.

В статье осуществлен обзор становления и развития процессов экономической интеграции в рамках СНГ.

This article is about formation and development of economic integration processes CIS.